

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН САЯБАҚ



Сыр шаһарының орталығында орналасқан қалалық мәдени және демалыс паркі қайта жаңғыртудан кейін жаңа кейіпке еніп, қала тұрғындары мен қонақтары үшін нағыз демалыс мекеніне айналды. Осыдан тура 72 жыл бұрын салынған демалыс паркі бүгінде заман талабына сай жаңартылып, сәулеті мен сәні жарасқан, кең ауқымды жобаның жемісіне айналды. Қала әкімдігі ұйымдастырған баспасөз туры аясында жаңа кейіпке енген қалалық паркке бардық.



Ақмешіт

22 шілде
сейснбі

№54 (2167)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ДУБАЙДА ЕМЕС, ШИЖАҒАДА ДЕМАЛАМЫН

Әлемдік тәжірибеде дамыған елдер өз табиғаты мен тарихын, салты мен сәулетін көрсетіп, миллиардтаған қаржы табады. Бір ғана Франция жыл сайын 90 миллионнан астам турист қабылдап, одан түсетін табысты экономиканың маңызды тірегіне айналдырып отыр. Ал біз ше? Біз Алатаудың әсем табиғатын, Сыр бойының ішіне бүккен сырын, Баянауыл мен Балқаштың байлығын, Каспий мен Көлсайдың көркемдігін бойына жиган, тарихы терең, табиғаты ерекше елміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Өткен жылы туризмді дамыту жөніндегі өткен кеңесте ел Президенті: «Қазақстан туристік әлеуеті мықты ел, алайда бұл мүмкіндікті толық пайдаланып отырған жоқпыз», — деп қадап айтты. Туризм тек көрікті мекен мен көне ескерткіш емес. Туристке тіл табысар гид те, сапалы қонақүй де, ыңғайлы көлік те керек.

«Ақмешіт» газеті



■ СҰХБАТ

4-БЕТТЕ



Мейрамбек ӘЖІБЕКОВ,
қалалық ауыл шаруашылығы
және жер қатынастары
бөлімінің басшысы:

ЖЕР ТЕЛІМІН ИГЕРУДЕ МӘСЕЛЕ БАР

Ауыл шаруашылығы өркендеп, бау-бақша өнімі молайса, елдің әлеуеті артып, азық-түлікпен қамту мәселесінде түйткілі азаяды. Төрт түліктің басы көбейсе, халықтың әл-ауқаты артады. Қаладағы ауыл шаруашылығына қатысты өзге де өзекті мәселелер жөнінде қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібековпен сұхбаттасқан едік.

2-БЕТТЕ

ЖАМБЫЛДЫҚТАРДЫҢ СЫР ЕЛІНЕ САПАРЫ

Сыр өңіріне Жамбыл облысынан арнайы делегация келіп, Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы және қоғамға қызмет көрсету бағытындағы озық үлгілерімен танысты. Алаштың Ақмешітіне ат басын бұрған жамбылдық меймандардың бұл ресми сапары қос өңір арасындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеру, өзара тәжірибе алмасу және тиімді байланыс орнату мақсатында ұйымдастырылған.

Алғашқы бағыт Қызылордадағы балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы болды. Мұнда Жамбыл облысынан келген қонақтар ерекше күтімді қажет ететін балаларға көрсетіліп жатқан қызметтің сапасына, мекеме жұмысын ұйымдастыру жүйесіне, мамандардың кәсіби біліктілігіне айрықша назар аударды. Бұл орталық 1994 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Гимарат 7 блоктан тұрады, оның ішінде 2, 4 және 5-блоктар балаларға арналған. Жалпы орталық 130 балаға арналған болса, қазіргі таңда мұнда 112 бала ем алууда. Оның 55-і толық стационарлық, ал 37-і жартылай стационарлық жағдайда ем-дом қабылдауда.

2-БЕТТЕ



■ МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздары анықталып, марапат мінберіне көтерілді. Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Бақытжан Омаров қатысты.

Жиында алғаш сөз алған Бақытжан Бауыржанұлы қатысушыларды қала әкімінің дипломымен марапаттап, қаржылай сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар ол отбасы институтының қоғамдағы маңызына тоқталды.

Биыл ұлттық конкурста 36 отбасы үміткер ретінде құжат тапсырса, олардың ішінен арнайы құрылған комиссияның шешімімен 26 отбасы іріктеліп алынды. Нәтижесінде 3 отбасы жүлделі орынды

иемденіп, тағы 3 отбасы арнайы номинацияға қол жеткізді.

Ұлттық байқауда I орын Ақжарма ауылынан келіп қатысқан Іздікұловтар отбасына бұйырды. Бұл әулеттің тірегі Гәдәнбек ата мен оның жары Гүлнаш Қалиева 12 бала тәрбиелеп, 34 немере мен 16 шөберенің қызығына кенеліп отыр.

Отбасының мәні — тәрбиеде. Бірінші кезекте өзара сыйластықта жатыр. Сіз-біз деген үлкен мен кішінің арасындағы ізеттілік те көп рөл атқарады. Осы құндылықтың мәнін түсіне білсек, әр отбасы мерейлі болары сөзсіз. Еңбегіміз еленіп, марапат алып отырмыз. Қуанышымызда шек жоқ. Балаларды өсіріп, бақтық. Жемісі міне, осындай мінберлерден көрініп отыр. Бұның өзі біз үшін — мәртебе, — дейді Г.Қалиева.

Байқауға қатысқан қызылордалық Мыңжасаровтар отбасы II орынды еншілесе, үздік үштікті Қосшанырау ауылынан келген Кенебаевтар отбасы түйінделді.

Сонымен қатар Қызылжарма ауылынан келген Ибраевтар отбасы «Ұлағатты отбасы» номинациясын жеңіп алса, Қызылөзек ауылынан қатысқан Әбенювтер отбасы «Үлгілі отбасы» атанды. «Берекегі отбасы» номинациясына Қызылөзек ауылынан келген Тумановтар отбасы ие болды. Бұл әулеттің тірегі Марат Туманов егін шаруашылығымен айналысады. Ал жан жары Тұрсынқұл Ибраева — әулеттің шырақшысы. Олар 2 ұл, 2 қыздан өрбіген 17 немере мен 12 шөберенің қызығына бөленіп отыр.

Айдана БАХТИЯР

4-БЕТТЕ

ЖАМБЫЛДЫҚТАРДЫҢ СЫР ЕЛІНЕ САПАРЫ

Бірлік пен мейірім ұялаған мекемеде тек қазақ емес, өзге ұлт өкілдерінің де балалары бар екенін көзіміз шалды. Ұлтты бөлек болғанымен, отаны ортақ бүлдіршіндер бір үйдің баласындай тәрбиеленіп жатыр. Тіптен басқа облыстардан келген балалар да қамқорлыққа алынған. Бұл Сыр еліндегі әлеуметтік бағыттағы қызметтің сапасының жоғары екенін көрсетеді.

Мұнда балаларға 7 бағыт бойынша кешенді қызмет көрсетіледі. Атап айтсақ, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық қызметтер жүйелі түрде жүзеге асуда. Баланың жасына, жағдайына, ерекшелігіне қарай қызметтерге бейімделіп, жеке тәсілдер ұсынылады.

Сонымен қатар мекемеде жоғары білікті дефектолог, тәрбиеші, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, мәдени ұйымдастырушы, кітапханашы, музыка пәнінің мұғалімі, психолог және бейіндік дене шынықтыру мамандары балалармен тығыз жұмыс істейді.

Қонақтар бұл орталықта тек дәстүрлі әдістермен ғана емес, заманауи емдік-оңалту технологияларының да кеңінен қолданылып жатқанын көрді. Арнайы түзбен емдеу бөлмесі, арт-терапия, сенсорлық және монтессори

Басы 1-бетте

БРИФИНГ

ЖАСТАРДЫ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – бүгінгі күннің негізгі міндеті. Бұл мәселеде әлеуметтің әлеуетін көтеру, жастарды жұмыспен қамту бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар және өзге де әлеуметтік бағдарламалар туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева кенінен баяндады.

Бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, қаламызда жыл басынан бері 4652 жаңа жұмыс орны құрылып, оның ішінде 1123 азамат тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал жұмыссыздар саны 6893-ке жетіп, жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызды құрап отыр.

– Жалпы, бөлім арқылы 16 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, оның 13-і әлеуметтік төлемдер. Мәселен, бүгінде 2893 отбасыға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек ай сайын



бөлмелері – бәрі де баланың дамуын барынша қолдауға бағытталған. Әсіресе Германиядан әкелінген, балаларға арналған оңалтуға қажетті заманауи құрылғылар ерекше қызығушылық тудырды. Бұл құрылғыларды тек орталық ішінде ғана емес, балалардың үй жағдайында да қолдануына мүмкіндік жасалған.

Бүлдіршіндердің өнерге жақындағы да сүйісінтті. Қонақтарға арналған шағын концерт қойылып, арнайы музыкалық аспаптармен өнер көрсеткен балалар көптің жүрегін елжіретті. Қонақтар тіпті тұсаукесер рәсіміне қатысып, тәрбиелік маңызы зор кештің куәсі болды.

Мұнан кейін жамбылдық делегация Қызылордадағы оңалту орталығына жол тартты. Мұндағы емделушілер үшін жасалған жағдайларға, көрсетілетін қызмет түрлеріне



Мейрамбек ӘЖІБЕКОВ, қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы:

ЖЕР ТЕЛІМІН ИГЕРУДЕ МӘСЕЛЕ БАР

– Мейрамбек Темірханұлы, су тапшылығы шаруалардың жұмысына кедергі келтіріп жатқаны белгілі. Әсіресе күріш дақылы суды көп мөлшерде керек ететін болғандықтан егіс көлемі азайды ма? Дикандар қандай дақыл екті?

– Биыл 8695 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын ектік. Ерте көктемнен жұмысқа кірісіп, 985 гектарға жаңа жоңышқа, 531 гектарға жаздық бидай, 30 гектарға жаздық арпа, 15 гектарға қант құмайы егіліп, 1318 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды. Күріш дақылын егуді сәуірдің 23-нен бастадық. Күріш егу су тапшылығына байланысты 355 гектарға кеміді.

130 гектарға картоп, 1329 гектарға көкөніс, 990 гектарға бақша дақылы егілді. Сонымен қатар ораққа 1318 гектар мал азықтық ескі жоңышқа шөбінің бірінші орымынан 2536 тонна, екінші орымынан 500 гектары орылып, 1000 тонна жоңышқа дайындалды. Екінші орым жалғасуда.

– **Наукандық жұмысқа қанша техника жұмылдырылды? Тынайтықш та, дизель отыны да егіс жұмысында аса қажетті. Бұл жағынан тапшылық болмаған болар?**

– Тапшылыққа жол берілмеді. 3278 тонна қажетті минералдық тыңайтқыш дайындап, 3025 литр арашөптерге қарсы гербицид сатып алдық. Дала жұмыстарының тоқтаусыз жүруі үшін науқанға 154 ауыл шаруашылығы техникасы қатысты. Оның 97-і трактор, 22-і трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сенкіші, 5 жүк көліктері. 269,5 тонна дизель отынын жеткізіп беруші операторлар «РК Мұнай» және «Жібек жолы LTD» ЖШС 1 литрін 254 теңгеден берді.

– **Елдің әлеуметтік жағдайын көтеретін мал шаруашылығы қалай дамуда? Төрт түлікті түлетуде оң өзгерістер бар ма?**

– Быылғы көрсеткіш көңіл көншітеді. Мүйізді ірі қара 31407, уақ мал 35 709, жылқы 21257, түйе 3 306, құс саны 16344-ке көбейді. Өткен жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қараның саны 22,9%-ға, қой-ешкінікі – 27,2%, жылқыныкі 0,2%-ға өскен. 1100,1 тонна ет, 1093,8 тонна сүт және 149,4 мың дана жұмыртқа өндіріліп, халық сұранысы өтеліп келеді. Осылайша өткен жылмен салыстырғанда халық көп тұтынатын ет өнімі 2,7%-ға, жұмыртқа 0,5 пайызға, сүт 0,1%-ға артты.

– **Мемлекет қолдауымен алынған техникалардың көлік жүргізушілерін де оқытып, трактор-комбайндарын техникалық байқаудан өткізуге де ықпал жасайтын боларсыздар?**

– Әрине, оның бәріне тұрақты қадағалау жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы техникаларын жүргізуге 34 адамға куәлік беріліп, жеке және заңды тұлғаларға жаңа үлгідегі 238 техникалық паспорт пен 238 мемлекеттік белгі берілді. 67 кепілдік келісім шарты мен қосымша келісім шартын тіркеу және кепілден босату рәсімделді. Көлік жүргізушілерден 17 өтініш түсіп, 134 ауыл шаруашылығы және жол құрылыс техникалары мемлекеттік техникалық байқаудан өткізілді.

– **«Дипломмен ауылға» бағдарламасы қалай жүзеге асуда?**

– Бағдарламаның өзектілігі ескеріліп, үздіксіз жұмыс жүргізілуде. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 110 маманға көтерме жәрдемақы төлеу үшін 43,2 млн теңге бөлініп, 75 маманға 29,4 млн теңге көтерме жәрдемақы берілді. 25 маманға 196,6 млн теңге бөлінді. Бөлінген қаржы қаржылық жоспарға сәйкес игерілме.

– **Ауыл шаруашылығы саласы бойынша қанша мемлекеттік қызмет көрсетілді?**

– Ауыл шаруашылығы саласы бойынша барлығы 6 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Олардың қатарына ауыл шаруашылығы және жол құрылыс техникаларын тіркеу және тіркеуден шығару, ауыл шаруашылығы және жол-құрылыс техникаларын жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу, ауыл шаруашылығы және жол-құрылыс техникаларын басқару құқығына куәліктер беру, ауыл шаруашылығы

және жол-құрылыс техникаларының кепіл шартын тіркеу, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы, ауыл шаруашылығы техникалары туралы мәліметтерді өзекті ету. 431 жеке және заңды тұлғаға, «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы 364 қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы 67 тұлғаға қызмет көрсетілді.

– **Жер қатынастары бойынша қандай міндет жүктелген?**

– Бұл – халық үшін өте өзекті тақырып. Осы бағытта біздің құзырымызға жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаны бекіту, іздестіру жұмысын жүргізу үшін жер телімін пайдалануға рұқсат беру, ауыл шаруашылығы алқабын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім шығару, сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер теліміне құқық алу, кезекке қою, бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасымен келісу және беру, телімдердің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау, жеке меншікке ақысын бірден не бөліп төлеу, жалдау мерзімін ұзарту мен жалдау шартының телнұсқасын беру қызметі кіреді.

– **Жер алуға қызығушылар саны артқан болар? Кезектілік қалай жылжыуда?**

– Қай кезде де тұрғын үй мен жер алуға ынта білдірген тұрғындар саны толастаған емес. Соңғы 6 айда жеке және заңды тұлғалардан 2800 өтініш тіркелсе, 1840 жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде «Электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы – 1481, қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы 359 тұлғаға қызмет көрсетілді. Жер мәселесіне қатысты дау болмау үшін 15 жер комиссиясының отырысы өткізіліп, барлығы 1791 құжат қаралды, оның ішінде 825 өтініш бойынша оң хаттамалық шешім шықса, 966 өтініш бойынша «Жер кодексінің» және «Сәулет және қала құрылысы туралы» заңының талаптарына сәйкес келісім берілмеді. Осы кезеңге дейін 468 жалға беру шарты, 246 сатып алу-сату шарты жасалды.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 2005 жылдан қалған 2387 азаматпен бірге

2025 жылдың 6 айын қоса алғанда барлығы 71099 азамат кезекке тіркелген. 2021 жылдың сәуір айынан бастап сәулет және қала құрылысы бөлімімен жер учаскелері зерттеліп, 2005 жылы кезекке тіркелген 2387 азаматқа жер телімін 3 жыл мерзімге табыстау жұмысы жүргізілуде. 2025 жылы электронды форматтағы сауда – саттыққа (аукционға) 17 жер телімі бекітіліп, Gosreestr.kz порталы арқылы электронды сатуға ұсынылды. Оның ішінде 3 жер телімі өтпеді деп танылса, 14-і бойынша келісім шарт жасалып, бюджетке 85 миллионнан астам қаржы түсті. ҚР «Жер кодексінің» 43-1 бабының талаптары бойынша шаруа немесе фермер кожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қызылорда қаласында алқап түрлері бойынша жалпы көлемі 2919,9 гектарды құрайтын 40 жер учаскесін конкурс арқылы айналымға қосу жұмысы жүргізілуде. Мақсатқа сәйкес пайдаланбаған немесе заң талабына сай келмейтін жерлерді қайтару жұмысы бойынша қалада мемлекет қорына қайтаруға 1000 гектар жер учаскесі бекітіліп, аталған көлемнің 616 гектары мемлекеттің арнайы жер қорына қайтарылды. Сонымен қатар мақсатына сәйкес пайдаланбаған кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы үшін берілген жер телімін заң талабына сәйкестендіру бағытында мониторинг жұмысы жалғасуда.

Нәтижесінде жыл басынан бері 180 жер телімі жер учаскесін нысаналы мақсатта пайдаланбаған кәсіпкерлік мақсатындағы 76 жер учаскесі, мемлекеттік жерді заңсыз иеленіп, қоршап алған 73 меншік иесі, жер учаскесін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбаған 31 меншік иесінің құжаттары облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. Көлемі 1,66 гектарды құрайтын мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленген 37 тұлғаға әкімшілік жазалау шарасы қолданылып, айыппұл салынды.

– **Сұхбатыңызға рахмет**

Басы 1-бетте

Сұхбаттасқан Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



төленуде. Оның ішінде 1-6 жас аралығындағы 2374 отбасының 4518 баласына қосымша төлем төленген. Ал орта білім беру ұйымдарында оқытын 6-18 жас аралығындағы балалары бар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы табысы аз отбасылардың 4240 баласына жолда жүру ақысы берілді. Одан бөлек, 319 отбасыға тұрғын үй көмегі төленді, – деді бөлім басшысы.

Сондай-ақ бөлімге қарасты бөлімшелер мен орталықтарда қызмет алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оңалту жөніндегі іс шараларды, жасна, жағдайына, олардың денсаулығына қарай, жеке даму деңгейін арттыруға, әлеуметтендіруге бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызметтер 8 бағытта көрсетіледі. Атап айтқанда, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-енбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық бағытында тегін көмек көрсетіліп келеді.

– Мәселен, жекелеген санаттағы азаматтар бойынша 1923 адамға әлеуметтік көмек төленді. Оның ішінде 186 жалғызбасты адамның көмегіне мұқтаж картка, 270 мүгедектігі бар балаға, 82 белгілі тұрғылықты жері жоқ адамға, күндізгі жартылай стационарлық жағдайда 276 ардагерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіліп келеді.



Брифингте «Мансап орталығы» қалалық филиалы директорының уақытша міндетін атқарушысы Олжас Шамшадин қала бойынша халықтың жұмыспен қамтылу жайын атап өтті. Олжас Шамшадиннің сөзіне сүйенсек, жыл басынан бері 12743 адам жұмыс іздеуші ретінде орталық қызметіне жүгінген олардың 925-і тұрақты жұмыспен қамтылған, оның ішінде 413-і 16-35 жасқа дейінгі жастар.

– Биыл қалада Ұлттық жобалар және концепциялар аясында 88 жоба бойынша 712 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Осы уақытқа дейін 28 жоба жүзеге асып 257 азамат жұмыспен қамтылды. Оның 20-і – уақытша, 56-ы – тұрақты. Азаматтардың электронды еңбек шарттарының жүйеде тіркелуі

мен зейнетақы жарналарының уақытылы аударылуы назарға алынған.

Сонымен қатар осы жыл ішінде қоғамдық жұмысқа 2215 адамға жолдама беру жоспарланса, бүгінге дейін 2715 адам жолдама алып, 45 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Ал әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру бойынша 89 адамға жолдама беріліп, оның 9-ы тұрақты жұмысқа орналасқан. Одан бөлек, «Күміс жас» жобасы аясында 376 адам жұмысқа жолданып, төртеуі жұмысқа орналасқан, – деді Олжас Шамшадин.

Жастарды тұрақты жұмыспен қамту – қаламызда жүзеге асып жатқан маңызды міндеттің бірі. Мемлекет осы бағытты назарға алып, тиісті бағдарламалар ұсынды. Мәселен, жастар практикасын ұйымдастыру бойынша биыл 2099 адамға жолдама беру жоспарланса, осыған дейін 321 адамға жолдама берілді. Олардың төртеуі тұрақты жұмысқа қабылданған. Алдағы уақытта бұл бағыттар бойынша жұмыстар жыл соңына дейін жүргізіледі.

– Осал топтарға арналған мемлекеттік грант беру бағыты аясында Business.enbek.kz порталында өтініштер қабылданып, жоспар бойынша 520 адамға грант беру жоспарланған. Business.enbek.kz порталында 2025 жылғы 21 мамырдан бастап 1-лек

бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар алуға өтінімдер қабылдау жүзеге асырылып, нәтижесінде 233 адам мемлекеттік грант алды. 2-лек бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар алуға өтінімдер қабылдау тамыз айында болжанады. Гранттың мөлшері 400 АЕК-ті (1572800 теңге) құрайды. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады, – деді Олжас Шамшадин.

Сонымен қатар жыл басынан бері 7 рет «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өткізіліп, 155 жұмыс беруші мекемелерден 1049 бос жұмыс орындары ұсынылған. Олардың ішінде 244 адамға жолдама беріліп, 113 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ»: Соғыста қайтыс болған жауынгерлер тізімі



«Atamnyn amanaty» қоғамдық бірлестігі «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына» орай Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған қазақстандық жауынгерлердің тізімін, сондай-ақ әскери тұтқындардың тізімін жасады.

Тізімде көрсетілген қазақстандық жауынгерлердің туыстарын анықтау үшін «Atamnyn amanaty» қоғамдық бірлестігі ҚР Қорғаныс министрлігіне жүгінді. Осыған байланысты қазіргі таңда Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасында тізімде көрсетілген жауынгерлердің туыстарының мекен-жайын анықтау, іздегіру жұмыстары ұйымдастырылуда.

Төменде көрсетілген тізімдегі жауынгерлердің туған-туыстары табылған жағдайда мына мекен-жайға келулеріңізді сұраймыз. Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі 101 А, Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы, Байланыс тел: 8778-072-68-31.

№	Аты-жөні	Туған жылы	Туған жері	Әскерге шақырылған жері
1	Иманов Тисмогал		Сырдарынский р-н, к-з	
2	ПУПЫКНИИ Василий Яковлевич	1916	Қызыл-Ординская обл., г. Қызыл-Орда, Қазақстан	
3	ГЕРАСИМОВ Александр Петрович	1903	Қазақстан, Қызыл-Ординская обл.	
4	Каев Жармат	190	ҚазССР, Қызыл-Ординская	
5	Ахметов Жапғасбай	1914	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н, Кировский 4-й с/с, к/з Жасауырат	
6	Байдылдаев Аймахан	1907	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл.	Казалинский РВК, Казахская ССР, Қызыл-Ординская обл., Казалинский р-н
7	Иттелеев Салык		Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н	Сырдарынский РВК, Казахская ССР, Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н
8	Сырғабай Атыбек	1897	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл., Қызыл Кумский р-н	Қызыл-Ординский РВК, Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл., Қызыл-Ординский р-н
9	Степанов (Степанов) Осип Григорьевич		Родился в г. Қызыл-Орда, Казахстан, лейт	
10	Манабаев Жасыбек	1920	Қазақская ССР, Сырдарынская обл., Қызыл-Ординский район, г. Қызыл-Орда, ул. Некрасова 38	
11	Алдамжаров Усқұмбай	1914	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл., ст. Казалинская, ул. Вайта 37	
12	Саринга (Саранча) Владимир Федорович	1920	Қазақская ССР, г. Қызыл-Орда, ст. Пролетарская 36	
13	Ахмедов Абдурауыз	1920	Қызыл-Ординская обл., С. - Дарынский р-н, к/з им. Кирова	Сырдарынский РВК, Казахская ССР, Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н
14	Дәуітұсов Шаярбек	1921	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н, к/з им. Молотова	16.04.1944, Красно-Перекопский РВК, Крымская АССР, Красно-Перекопский р-н
15	Досмембетов Исхак	1908	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл., Терен-Узакский с/с	11.10.1942, Терен-Узакский РВК, Казахская ССР, Қызыл-Ординская обл., Терен-Узакский р-н
16	Жулысов Ташч	1921	Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н, к/з им. Молотова	Каз-Ларданды РВК
17	Кузнецов Виталий Алексеевич	1922	Қазақская ССР, г. Қызыл-Орда	1943 Қызыл-Ординский РВК, Казахская ССР, Қызыл-Ординская обл., г. Қызыл-Орда
18	Кушнбаев Қайдаш	1915	Қазақская ССР, Қызыл-Ординская обл.	15.12.1941, Кызыл-Ординский ОВК, Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл.
19	Мухамбетов Атан	1922	Қызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н, а. 2	12.02.1941, Кызыл-Ординский РВК, Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., г. Қызыл-Орда
20	Маев Махмұт	1923	Қазақская ССР, Кызыл-Ординская обл., Струдовский р-н	Сырдарынский РВК, Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н
21	Сырдаров Құрман	1920	Қазақская ССР, Сырдарынская обл.	1942, Сырдарынский РВК, Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н
22	Тоқжанов Қойрбай	1923	Қазақская ССР, Кызыл-Ординская обл., Сырдарынский р-н	25.04.1942 Казахская ССР, Кызыл-Ординский РВК
23	Толбаев Мұрадамет	1916	Қазақская ССР, Кызыл-Ординская обл., с/з «Саваб», 98	1941, Джалил-Кулукский РВК, Узбекская ССР, Английская обл.
24	Тертептев Михаил Васильевич		Қазақская ССР, г. Қызыл-Орда, ул. Бонковская, ба	Қызыл-Ординский РВК, Казахская ССР, Кызыл-Ординская обл.
25	Шипилин Василий Прокофьевич	1916	Қызыл-Ординская обл., Кызыл-Ординский р-н	Қызыл-Ординская обл., Кызыл-Ординский РВК
26	Айдашев Али	1922	Қызыл-Орда	
27	Алмердинов Садырхан	1920	Қызыл-Ординская обл., район Сырдарыя	
28	Ашев Ергаш Адаевич	1923	Қызыл-Орда	
29	Абылбаев Сырбай Абылбаевич	1895	Қызыл-Ординская обл., Калдыс	
30	Аманов Хасан Алматович	2/18/1922	Қызыл-Орда	
31	Аманжоларов Абдыгапар Аманжоларович	22.10.1920	Қызыл-Ординская обл.	
32	Алимов Аяп	12.03.1905	Қызыл-Ординская обл., Ауыл 13	
33	Ауесов Турсунбай Уесович	02.04.1905	Қызыл-Орда	
34	Абдурахманов Абыл	04.04.1905	Қызыл-Ординская обл.	
35	Абдуралиев Шүзим	18.03.1905	Қызыл-Ординская обл., Джанди	
36	Абдрахманов Нұрғали	30.03.1905	Қызыл-Ординская обл.	
37	Аманжоларов Сауд-бек	03.04.1905	Қазақская ССР, район Кызыл-Орда	
38	Аманжол Ислам Аманжолтевич	11.03.1905	Қазақская ССР, Кызыл-Орда	
39	Абришев Исмаил	05.04.1905	Қазақская ССР, Кызыл-Ординская обл.	
40	Алиев Медин	25.03.1905	Қызыл-Ординская обл.	
41	Саринга Владимир Федорович	1920	Қазақская ССР, Кызыл-Орда, ул. Пролетарская 36	Қызыл-Ординский РВК, Казахская ССР, Кызыл-Ординская область, город Кызыл-Орда
42	Рахметов Макар	1916	Қазақская ССР, Кызыл-Ординская обл., Сырдарыя	
43	Тәуеліев Досмағамбет	1906	Сырдарынский р-н, Октябрьский с/с	Қызыл-Ординская РВК, Кызыл-Ординская обл., Казахская ССР
44	Нұрланов Уразбек	1916	Қазақская ССР, Сырдарынский р-н	
45	Алишев Медин	1911	Қызыл-Ординская область	

ДӘРІКҮЛ ӨТКЕН ДАРА ЖОЛ

(еңбек адамы жайлы бір үзік сыр)



Тақырыпқа тікелей кіріспес бұрын әңгіменің әлқиссасын қысқаша сәл әріден бастайын. Кешегі өткен алып империя КРСО-ны қылықты басшы Н.С.Хрущев басқарып тұрғанда бір республиканың жерін екінші бір республикаға қас қағымда қоса салу, бір елді мекенді екінші бір елді мекенге қоса салу тұқ те емес еді.

1956 жылы сондай «Елім-ай»-лап Карл Маркс атындағы колхозға үдере көшкен Теренөзек ауданына қарасты №1 ауыл «Жаңа арық» колхозының (қазіргі Қараөзек ауылы) халқы болатын-ды. Ол кезде Теренөзек ауданында Қаракөл қой совхозының құрылғанына да біраз болған. Дегенмен совхоз орталығы белгілі бір жерге тұрақтамады. Бірнеше жыл Сырдария өзенінің жағалауындағы «Ақин» деп аталатын жерде тұрды. Кейін Қараөзек бойындағы «Қарарын» ға қоныс аударды. 1956 жылдың екінші жартысында совхоз орталығы «Жаңа арық» колхозының жеріне келіп, тұрақты орналасты. Ол кезде совхоз директоры Кеңес одағының батыры, білікті де білімді басшы Нағи Илиясов ағамыз еді. Совхоз орталығына тұрғын үйлер салып, ағаштар егіп, абағтандыруға мемлекет тарапынан екі миллионнан аса сом қаржы бөлінген екен. Сол бөлінген қаржыны Нағи аға сыртқа шашау шығармай, ел игілігіне жұмсап, совхоз орталығын қысқа мерзімде керемет гүлдендіріп жіберді. Сол кезде салынған құрылыс нысандарының бірсыпырасы әлі күнге дейін бар. 1960 жылы совхоз аты «Опытная станция» болып өзгертілді. Бірақ халық мал шаруашылығымен айналысып, бау-бақша өнімдерін де екті. Совхозда төрт түлікті түгел өсіру, әсіресе қой

өсіруге ерекше назар аударылды. Сол кездегі совхоз басшылары С.Сейтасанов, О.Мұстаяпов, З.Мыңбаев, А.Сыздықов, Ж.Исаев мал шаруашылығын тұрақты назарда ұстады.

Осы мақаланы жазуға себеп болған кейіпкеріміз Садыкова Дәрікүл апай жолдасы Арызқұл ағай екеуі 1962-1995 жылдар аралығында осы совхозда 30 жылда аса уақыт шопан болып жұмыс істеді. Бұлардың қарауында бір отар қой, 800-1000 бас қойға дейін болды. Қыста қыстайтын қыстаулары совхоз орталығынан 30-40 шақырым жердегі «Ауызкөлде» болса, жазғы жайлауы «Арысқұм» жақтағы шырайлы «У төбе» деген

тын орындары жақсы, жылы, жайлы, болуы керек. Бұны Дәрікүл қатаң сақтады. Жаздың күндері қойларды тоғытып, бойын сергітіп, үстің тазалап тұратын. Қой қоздату – әрі жауапты, әрі күрделі қиындығы көп науқан. Дәрікүл апай ұл-қыздарымен бірге күндіз-түні қойдың аман-есен қоздауын бақылап, тыным таппайтын... Қой қырқу кезінде де басы-қасында жүретін. Қойдың санын көбейту үшін қозыны енесінен ерте бөліп, оларды ерекше күтімде ұстайтын. Буаз қойларды күтіп баптауға айрықша мән беретін еді. Осындай аса қиын жауапкершіліктің арқасында жылда шығынсыз шығатын. Дархан пейілді Дәрікүл өзінің еңбекқорлығының арқасында 100



Суретте: Солдан оңға қарай Социалистік Еңбек Ері Ахмет Халықов, ақын Ақсар Тоқмағамбетов, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, шопан Дәрікүл Садықова.

жерде болатын. Өкініштісі сол, Арызқұл аға 1981 жылы өмірден өтті. Барлық ауыртпалық Дәрікүл апайдың өзіне түсті. Дегенмен ұл-қыздары Зейнолла, Құрмет, Қамқа, Ақмарал анасына көмектесіп, ауыртпалықты азайтқандай болды. Ол кезде совхозда Социалистік Еңбек Ері, атакты шопан Ахмет Халықов ағамыз бастаған бір топ шопан қауымы, яғни Тұрғанбай Сыздықов, Рүстем Баяхметов, Баймахан Сентаев, Нариддин Сәрсенбаев сияқты тағы басқа шопандар қысы-жазы аянбай қалтқысыз еңбек етті.

Қой шаруашылығының технологиясы тым күрделі. Оны әр шопан білуі тиіс. Дәрікүл апай бұл жағын жетік білуші еді. Қойды күтіп-баптап семірту үшін бақша өнімдерін де екті. Совхозда

жылда 110-120 қозы-дан алып тұрды. Ол кезде бұл көрсеткіш ең жоғарғы болып саналатын. Апайдың суреті Теренөзек кентіндегі орталық алаңындағы Құрмет тақтасына талай рет ілінді. Оның ерен еңбектері туралы Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі А.Ақбалаевтың мақалалары аудандық газетте бірнеше рет жарық көрді. Облыстық радиодан да жетістіктері елге тарап жатты. Еңбеккер шопанның ерен еңбегі облыс пен аудан басшыларының назарында болды. Мал шаруашылығы жайлы маңызды мәселелер айтылған жиындарда Дәрікүл апайдың жұмыс тәжірибесі басқаларға үлгі ретінде жоғарғы мінберден айтылып жүрді. Д.Садықованың елге сіңірген еңбектері елеусіз қалған жоқ. Облыс пен аудан

тарапынан Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталды. 1973 жылы КРСО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен ол «Құрмет Белгісі» орденімен, 1973, 1977, 1978 жылдары «Социалистік жарыстардың жеңімпазы» деп танылса, 1973 жылы «Оның бесжылдықтың үздігі» деген атаққа ие болып төсбелгілермен марапатталған. 1984 жылы Дәрікүл апай 5-сайлау округінен Қазақ ССР-нің Қызылорда облыстық халық депутаттарының Теренөзек аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланған. Сол кездерде облыс және аудан басшыларының ұйғарымымен Дәрікүл апайды «Социалистік Еңбек Ері» атағына ұсынуға әңгіме болған деген сөз бар. Иә, қалайда Д.Садықова ол атаққа да лайықты екені даусыз еді.

Ардақты ана ерен еңбегінің нәтижесінен басқа Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1974, 1977 жылғы Жарлығымен «Медаль материнства I, II степени» төсбелгісімен мадақталған. Бір сөзбен айтқанда, Дәрікүл Садықова – кезінде ерен еңбектің үлгісін көрсете жүріп, өмірге үлгілі ұрпақ әкелген аяулы да, асыл ана.

Сөз соңында айта кетерлік жайт, сол бұрынғы Қаракөл қой совхозы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы Қызылөзек ауылдық округі аталып, 1997 жылы Қараөзек ауылы, Айнакөл, Қараөзек стансасы болып үш елді мекен Қызылорда қаласының құрамына кірді. Бүгінде Қызылөзек ауылдық округіне қарасты үш ауылда кәсіпкерлікпен айналысу қарқынды дамып келеді. Ол туралы «Ақмешіт апталығы» газетінің осы жылғы 24 маусым күнгі №46 санында жан-жақты толық қамтылып жазылған. Иә, тынымсыз ерен еңбекпен Дәрікүл апай өткен дара жол осы киелі Қараөзек ауылынан басталған еді.

Ардақты ана, нағыз еңбек адамы Дәрікүл апай 2014 жылы 72 жасында өмірден өтті. Оның өмір жолы өскелен ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.

ТЕХНИКА ШЕБЕРДІҢ ОРНЫН БАСА АЛМАЙДЫ

Шиеді ауданы, Жиделі ауылының тұрғыны Өмірзақ Аюпов ер-тоқым жасауды кәсіп еткен санаулы шеберлердің бірі. Ол әке кәсібін жалғап, оны бүгінгі күнге лайықтап, адал еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген жан. Осы орайда Өмірзақ Аюповпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Өмірзақ аға, ер-тоқым жасауды қайдан үйрендіңіз?

– Бұл менің әкемнен қалған аманат. Әкем Нұржан Аюпов кезінде ер тоқым, қамшы, қапқан, мылтық сияқты бұйымдарды жасайтын. Сол арқылы отбасының непақасын адал жолмен тапқан. Біз жоқшылық кезінде өмір сүрдік. Балалық шағымыз шеберханада өтті. Басында қолғабыс ете жүріп, кейін бұл кәсіп бойыма қалай дарығанын да сезбей қалдым. «Әке көрген ок жонар» дейді ғой, әкемнің жанында жүріп шеберліктің қыр-сырын ұқтым. Еңбекке ерте жастан баулуының арқасында өмірге деген көзқарасым өзгерді. Қазір ойласам, шеберхана менің үлкен мектебім болған екен.

– Бүгінде бұл істі кәсіп ретінде қонғелетіп отырсыз. Ер-тоқым жасауда ең маңыздысы не?

– Ең алдымен сапа. Жылқы – өте сезімтал жануар. Ер-тоқым дұрыс жасалмаса, жануар мазасызданады. Сондықтан материалдан бастап, соңғы әрлеу жұмысына дейін тиянақтылық керек. Мен жанға немесе көк тал секілді ағаштарды қолданамын. Ағаш алдымен кесіледі, кептіріледі, пайланады. Сосын екі рет қайта өңделіп, түйе немесе өгіз терісімен қапалады.

– Ер-тоқым жасау процесін толығырақ айтып өтсеңіз. Қанша уақыт кетеді, қандай кезеңнен тұрады?

– Ер-тоқымды жасау бір күнде бітетін іс емес. Қажырлы еңбек пен шыдамдылықты талап етеді. Алдымен ердің негізі белағаш, қас, тіреу жасалады. Бұл бөлшектер жанға немесе көк тал ағашынан шабылады. Одан кейінгі ең жауапты сәт «пайлау» деп аталады. Бұл ағашты қажетті пішінге келтіретін процесс. Ары қарай ағаш шапақ толық жиналған соң, оны терімен қаптаймын. Қапталған соң шегелеп, өрнектеп, сән беремін. Соңында ердің астына жұмсақ киіз немесе шүгәдан төсеме жасаймыз. Барлығы қолдан істеледі. Бір бұрышын бұрыс жасасаң, ердің тепе-теңдігі бұзылады. Сондықтан аса мұқият жасаймын.

– Ер-тоқым неше түрге бөлінеді? Қандай айырмашылықтары бар?

– Ер-тоқым бірнеше түрге бөлінеді: науқан ер, қарақан ер, қараспан ер, бөйге ер. Әрқайсысының құрылымы мен мақсаты әртүрлі. Мәселен, науқан ер жазғы уақытта шаруашылыққа арналған. Қарақан ер күнделікті мініске ыңғайлы. Ал бөйге ер жеңіл, шабысқа арналған. Бағалары да әртүрлі. Науқан ер 50–55 мың теңге болса, қарақан ер 60–70 мың теңге аралығында. Өрнекті, былғарымен қапталған ерлер 100 мыңнан асып жығылады. Тіпті арнайы тапсырыспен жасалғандары 120-130 мың теңгеге дейін барады.

– Қазіргі таңда ер-тоқымға сұраныс бар ма? Тапсырыстар жиі түсіп тұра ма?

– Иә, сұраныс көп десем де болады. Әсіресе көктем, жаз мезгілінде көбейеді. Ат спортын серік еткен азаматтар, көкпаршылар, ауылдағы мал шаруашылығымен айналысатындар жиі тапсырыс береді. Ат құлаған кезде ердің тіреуі, басы сынады. Соны ауыстырып, жөндеуге келеді. Кейде тіпті Атырау, Түркістан, Алматы қаласынан іздеп келетіндер бар. Қолдан жасалған өнімге халық сұранысы қашанда жоғары.



Қолөнер табыс көзі ғана емес, өмір салтына айналды десем де болады. Себебі сен бұған жаныңмен берілмесең, күнкөріс көзі болмайды. Мен үшін әр жасаған ер-тоқым – бір тарих. Еңбегінді бағалап, рахмет айтып кеткен адамды көрсен, өзіңді бақытты сезінесің. Қазіргі нарықта еңбекке қарай табыс та бар. Бірақ мен ешқашан «пайда табайын» деп жұмыс істемеймін. Пайдадан бұрын сапаға жұмыс істеймін. Нәтижесін де көріп отырмайын.

– Шәкірт тәрбиелеп жүрсіз бе? Бұл өнердің болашағы қалай деп ойлайсыз?

– Өкінішке қарай, әзірге шәкірт тәрбиелеп жүргенім жоқ. Себебі қызығушылық танытатын жастар аз. Қазіргі ұрпақ жаңа технологияға жақын. Бірақ ұлттың негізі дәстүр мен қолөнерде жатыр. Егер шынымен үйренемін деген жастар болса, қуана

үйретер едім. Алайда мойын бұрып, қызығушылық танытатын жастардың жоқтығы мені алаңдатады. Қолөнер – қазақтың рухани тірегі. Оны ұмытсақ, болашаққа не қалдырамыз?

– Бұл өнердің ертеңгі тағдыры туралы не айтар едіңіз? – Арманым – ұлымның немесе келер ұрпақтың осы істі жалғастыруы. Бұл – әкемнен қалған аманат. Аманатты аяқасты етуге болмайды. Егер мемлекет тарапынан қолдау болса, ауыл-аймақтарда қолөнер орталықтары ашылып, жастарды үйрететін орта қалыптасса, жақсы болар еді. Мектептерде еңбек сабағында ер-тоқымды жасауды үйретсе, баланың қызығушылығы оянар еді.

– Сіздіңше, нағыз шебер қандай болу керек? – Нағыз шебер өз ісіне адал, халқының аманатына жауапты адам. Шеберлік қолда ғана емес, жүректе болу керек. Жасаған затыңнан адам мейірім, жылулық сезінуі керек. Мен ешқашан ер-тоқымды асығыс жасамаймын. Себебі асығыстық шеберлікке келергі. Қай заманда да техника шебердің орнын баса алмайды. Себебі қолдан шыққан дүние шынайы, таза, рухани бай. Біз осыны ұғынуымыз керек.

– Сұхбатыңызға рахмет

Өңгімелескен Айгана БАХТИЯР



«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОТЫЗ БІРІНШІ ҚАРА СӨЗ

Естігенде бір нәрсені ұмыт-пастыққа төрт түрлі себеп бар:

әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

екінші – сол нәрсені көргенде не естігенде гирбәтләну керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;

үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланyp, көңілге бекіту керек;

төртінші – ой кеселдерінен қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз салғұрттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

ДУБАЙДА ЕМЕС, ШИЖАҒАДА ДЕМАЛАМЫН

Қамбаштың толқыны мен Шижағаның алтын құмы

Аймақта туризм жайы қалай? Сыр өңірі десе, алдымен еске түсетін Қамбаш көлі болса, соңғы кезде Шижаға да жиі айтыла бастады. Ел тамсанған Қамбаш пен Шижағаны көзбен көру үшін жолға шықтық.

Сыр өңірінің табиғи жауһарларының бірі – Қамбаш көлі. Арал ауданынан шамамен 70 шақырым жерде орналасқан бұл көл жаз мезгілінде демалушылардың көп баратын орны. Біз де сапарымызды дәл осы мекеннен бастадық. Жаздың шілінгір ыстығында жарқыраған су айдыны алыстан көз тартады. Бір жағында суды бойлап ұшқан шағала, екінші жағында суға түскен бала-шаға мен демалушылар. Табиғи сұлулықтың өзінде еш мін жоқ. Дегенмен Қамбаштың мүмкіндігі бұдан әлдеқайда кең. Мұнда экотуризмді дамыту, су спорты түрлерін енгізу, отбасылық демалыс аймақтарын көбейту, тіпті музыкалық немесе мәдени фестиваль ұйымдастыруға қолайлы алаң ретінде пайдалану сынды идеялар дұрыс жоспарланған жағдайда үлкен нәтиже берері сөзсіз.

Сапарымызды Арал ауданынан әріректе орналасқан Шижаға елді мекенінде жалғастырдық. Дәл осы ауылда осы жылдың мамыр айында ашылған «Аққұм» этноауылы бүгінде Сыр өңірінің нағыз туристік шөл даласына айналған мекен. Ауыл шетіне жақындай бергенде алыстан мен мұндаған жібектей құм иірімі, саф ауа мен мүлгіген тыныштық бізді өзіне тартып әкетті. Ауданда туризмді дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бұл туралы Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев өңірлік коммуникация орталығында берген брифингте айтты.

Басы 1-бетте

– Ауданда туризмді дамытуға бағытталған жұмыс көп. Бұрын алдымен ауызға ілінетіні Қамбаш еді. Қазір Шижаға қосылды. Мұндай құм ауданға қарасты Ақеспе, Ақбасты тәрізді 7-8 елді мекенде бар. Шижағада мінем деген адамға жылқы да, түйе де дайын. Мұнан өзге теңіздің кепкен ұлтанын да туристік аймаққа айналдыруға болады. Осыдан 60-70 жыл бұрынғы 50-60 метр тереңдіктегі теңіздің табанын көзімен көргісі келетіндер көп. Теңіз табанындағы Кердері мәдениетіне жататын көне қаланың орны да қандай тарих десенші. Су астында қалған мұнаралар теңіз кемесінің бауырына тиетіндіктен оны да қолдан қурылғылар арқылы жарып тастаған. Мұндай туристерге қызықты дүние көп. Мұның барлығы алдағы уақытта қолға алынатын ірі жобалардың ізі, – дейді аудан басшысы.

Шижағаның құмын ел неге мақтайды?

Белгілі қаламгер Бауыржан Омаров Шижаға құмын былай суреттейді: «Біздің Аралдың жағасында шеге құм деген ғаламат құм бар. Сол құмға су жана киімімен қанша аунасаң да, үстіне ештеңе жұқпайды. Түргелісен болды, шеге құм жерге сусып түседі. Не сені кір шалмайды, не құм ластанбайды».

Шынында, құмның үстінде қанша жүрсен де үстің шаң болмайды. Тау болып үйіліп жатқан құмды басканда ерекше әсерге бөлейтін қасиеті бардай. Ауыл тұрғындарының айтуынша, «құм піскен» уақытта жан-жақтан ағылып келетіндер аз емес. Себебі шеге құмның емдік қасиеті бар. Бойдағы суықты алады деп іздеп келетіндер көп екен.

Алтынғүл Тәуекелқызы Шижағада туризмді дамытуға үлес қосып отырған кәсіпкердің бірі.

– Бұл жер менің арманымнан туған дүние. Мұнда алғаш келгендер «мына құм тура Дубайдағы сафари аймағына ұқсайды», – деп таңғалады. Расында да, сол жақтағыдай тыныштық, алтын түсті құм, еркіндік пен кеңдік бар. Қазір адамдар тыныштықты, табиғи сұлулықты, шынайылықты іздейді. Міне, біз соларға арналған орта қалыптастырдық. Осы күнге дейін Германия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырым, Ресей, Үндістан, Испания мен Израильден келген қонақтарды қазақы салтпен қонақ еттім. Шетелдіктерге қымыз бен қуырдақ ұсынған кезде жүздерінен танданысты көрдім, ал ұлттық киім кигендегі әсерін көрсеніз, ерекше. Күмөніңіз болса, «akkum011» атты Instagram парақшамыздан көрсеніз болады, – деді ол.

Этноауылда қазақылықтың иісі аңқып тұр. Қазір мұнда 4 киіз үй, 2 сәкі бар. Киіз үйлер салқындатқыш пен жарық шамдармен толық жабдықталған, іші салқын әрі қазақы нақышта безендірілген. Төрінде асқақ көк туымыз желбіреп, келген қонаққа ұлттық рухты сездіреді. Бұл жай ғана демалыс орны емес, қазақ болмысы мен мәдениетін көзбен көріп, қолмен ұстайтын мұражай іспетті. Ауылдағы ас мәзірі де ерекше. Мұнда самаурында қайнаған шай, бал татыған қымыз, күбі толы қымыран мен шұбат ұсынылады. Ас мәзірі мен қызмет көрсетуі нағыз ұлттық қонақжайлылықтың үлгісі. Туристер үшін арнайы ұйымдастырылған 5 квадроцикл, 1 түйе, 2 ат, ұлттық және араб үлгісіндегі киімдер мұнда келушілерді қызықтыра түскендей. Қонақтар киіз үйде тынығып, құмда жүріп, ұлттық киім киіп, шұбат ішіп, демалыс уақытын керемет естелікке айналдырып қайтады.

Алтынғүл Тәуекелқызының негізгі мақсаты ішкі туризмді дамыту, әрі соның ішінде қазақтың ұлттық киімдері мен тағамдарын насихаттау.



Шижағадағы көрініс өңірлік туризмнің тек қағаз жүзіндегі жоба емес, шынайы іске айналған үлгісі деуге толық негіз бар.

Аралдың құммен көмкерілген қасиетті мекені Шижаға бүгінде тек жұрт аңыз етіп айтатын ауыл емес, өз көзімен көріп, жүрегімен сезінгендердің таңдайын қақтырып, тамсандырған мекенге айналды. Бұл жайлы Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов әлеуметтік желідегі парақшасында алған әсерін жазған еді.

– Шижаға – екінші Дубай. Шижағаның шеруен тартқан шеге құмы – құйма алтындай қымбат қазына. Қадірін білгенге – Арал эмиратының екінші Дубайы дерсіз. Ысылдаған сулы сафари, құм беткейлерін қуалап соққан самал, еркіндікті сезіндіріп, адам жанын сергітеді. Шетел асып, шығындалып бармай-ақ, өз жерімізде үстіне шаңы жұқпайтын жауһар әлемге көз тойдырып, ерекше сезімге бөленуге болады. Көзіміз көргендей, бұл жерде квадроцикл де, ат та, маңғаз түйе де бар. Тізгіндеп көрдік, серуендедік, сұлулықты сезіндік. Құмдағы күн шуағы мен тыныштық жүрекке жылу сыйлады. Қоңыр құмды жиектей орналасқан, қара талдың саясындағы киіз үйлерде қазақы қонақжай дастарханнан дәм таттық. Қымыз, шұбат, жапқан нан, қуырдақ, балық – бәрі де балдай, көңілге шаттық ұялатты. Көзбен көрем, табаныңызды

ыстық топыраққа тигізем десеніз, жолдың жайы да жаман емес. Халықаралық автодаліз іргеді. Межелі орманға дейін асфальт тегіс, қолайлы. Инфрақұрылым қалыптасқан, демалыс пен инвестицияға мүмкіндік зор. Яғни, жана бастамаларға, бірегей жобаларға шабыт іздесеніз осы жерден табасыз. Аралдың алтын құмына бір табаныңызды тигізіп кетіңіз, өмір бойы ұмытпайтын естелік болады. Сондықтан Шижағаның Дубайы сізді күтеді! – дейді Мархабат Жайымбетов.

Туризм – ұлттың тынысын танытатын сала. Табиғатымыз бар, тарихымыз бай, қонақжайлылығымыз әлемге үлгі. Бірақ осы байлықтың бағасын өзіміз арттыра алмасaq, өзгенде үміт күту бекершілік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, туризм еліміздің экономикалық құрылымында жетекші орын алуы тиіс. Мемлекет деңгейінде осындай бастамаларға қолдау көрсетілсе, әр өңірде кемі бір туристік орталық құрылары сөзсіз. Қазіргі таңда туризмге көзқарасты түбегейлі өзгерту қажет. Бұл сала – тек демалыс емес, экономикалық табыс көзі, ұлттық бренд, мәдени дипломатия құралы. Әсіресе ауылдық туризм табиғи әрі шынайы. Сол арқылы тек табиғатты емес, қазақы болмысты, ұмыт бола бастаған дәстүрді, тіл мен рухты сақтап қалуға болады.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН САЯБАҚ

Жоба құны 6,3 миллиард теңгені құрап, оның аясында 6 гектардан астам жер телімі толық абаттандырылды. Жердің 3954,3 шаршы метріне түрлі ғимараттар мен бетон скейтпарк салынса, қалған 23815,7 шаршы метрі қоғалдандырылып, жасыл желекпен көмкерілді. 544 дана қылқан жапырақты ағаш отырғызылып, 2122 шаршы метрге егілген гүлдер демалушылардың жанына жайлылық сыйлайтыны сөзсіз. Кіреберіс қақпа алдындағы «Сыр батырлары» ескерткіші Тағзым алаңына көшіріліп, орнына сәнді арқа бой көтерді.

– Бұл жоба қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіз әрі жайлы демалысы үшін жүзеге асты. Қайта жаңғырту 2024 жылы басталып, қысқа уақыт ішінде аяқталды. Қазір мұнда 20-дан астам аттракцион, балалар алаңы, фонтандар мен фуд-корт аймақтары жұмыс істеп тұр, – дейді ВІ Group компаниясының бас инженері Алмас Нариманов.

Жанартылған паркте жас ерекшелігіне қарай 20-дан аса аттракцион орнатылған. Скейтпарк, памп-трек, айналма доңғалақ, зымыран, маятник, телекомбот, экспресс пойыз, тізбекті карусель, кеме, айналмалы мұнара сынды аттракциондар келушілерді ерекше әсерге бөлейді. Су аттракционы мен отбасылық пойыз, шыныаяқ карусельдер бүлдіршіндер үшін таптырмас таңдау. Сондай-ақ қауіпсіздік шаралары да ескерілген. Аттракциондарға міну алдында жас ерекшелігіне байланысты нұсқаулық беріліп, қызметкерлер тарапынан бақылау қатаң жүзеге асырылады.

Парк аумағында орналасқан су бұрқақтары ерекше архитектуралық дизайнмен жасалған. Соңғы үлгідегі мәрмәр түстес орындықтар мен жарық шамдар түнгі Қызылорданың ажарын аша түсті. Айналма доңғалақ маңында және орталық алаңда орналасқан фуд-корт аймақтары келушілерге қолайлы.

– Балаларымыз мәз. Немерелеріммен келіп отырмын. Кішкентайларға қатты ұнады. Жолымыз түссе, тағы келеміз, – дейді Ақсарма ауылының тұрғыны Сафура Апбасова.

– Балаларымды кешкі серуенге алып шығамын. Таза ауамен тыныстап, күнделікті қауырт тірліктен демалып қайтамыз. Қызылорданың әдемі көрінісімен тыныстап қайтамын, – дейді қала тұрғыны Динара Қанатқызы.

Парк ашылғалы бері келушілердің қарасы қалын. Қала тұрғындары мен қонақтарының жүзінен қуаныш байқалады. Ауылдан ат

Басы 1-бетте

терлетіп келгендер де жетерлік. Балалар алаңсыз ойнап, ата-аналар табиғат аясында демалып, сапалы қызметке риза болуда. Біз де қалыс қалмай, аттракционға міндік. Ерекше әсер алдық. Бастысы, қауіпсіздік шаралары қатаң сақталғанына көзіміз жетті.

– Бұрынғы парк аумағында тек 9 аттракцион болса, қазір 20 аттракцион жұмыс істеп тұр. Былтыр ойын алаңдары мен демалыс аумағы жетіспейтін. Қазір бәрі қарастырылған. Бір күнде орта есеппен 2500-3000 адам паркке келеді. Қызметкерлер саны да артты, жана жұмыс орындары ашылды. Әр аттракцион жас ерекшелігіне сай бөлінген. Мәселен, 3-6 жас, 7-15 жас, әрмен қарай ересектерге жоспарланған. Бұл – қауіпсіздік пен ыңғайлылықтың көрсеткіші. Сонымен қатар қайта жөндеу жұмыстары толық, 100 пайыз аяқталды, – дейді қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Алмат Өтегенов.

Қызылорда қаласындағы мәдени және демалыс паркі тек демалыс орны ғана емес, қаланың көркіне көрік қосқан, тұрғындар мен қонақтар үшін рухани әсер сыйлайтын ерекше мекен. Қала келбеті көз сүйсіндіреді. Заманауи стиль мен ұлттық нақыш үйлескен бұл кеңістік енді Қызылорданың мақтанышына айналатыны сөзсіз. Тұрғындар мен қала қонақтары да дән риза. Аймақ басшысының бастамасымен бастау алған бұл жоба болашаққа жасалған айқын қадамның көрінісі.

Айдана БАХТИЯР



«Атталықұмыр» қолабы

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 3938 Тапсырыс №

Нөмірдің кезекші редакторы Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА